Шымкент қаласы «18» наурыз 2019ж.
шығыс №1

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне

ЖК «ШАРАПОВА НҰРСҰЛУ ШАРАПҚЫЗЫ» басшысы Шарапова Нұрсұлу Шарапқызынан

ШАҒЫМ

ЖК «ШАРАПОВА НҰРСҰЛУ ШАРАПҚЫЗЫ» «Управление образования города Шымкент» мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 23.01.2019 жылы жарияланған *№2986100-2, «2019 жылға Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты жалпы орта мектептердің сыртқы әжетханаларын және септиктерін тазалау бойынша көрсетілетін қызмет»*, барлық лоттарының конкурсына қатысуға өтінім берген.

«TULPAR MTL» ЖШС-гі Утебаев Бахтыгали Сейдуллаевичтен ассенизатор Камаз 5320 мемлекеттік нөмірі 343NPB13 автокөлігін 01.02.2019 жылғы №1 келісім шарт негізінде техниканы жалға алған. Жалға алу келісім шартында 1.4 тармағында жалға алу келісім шарттың қол қойған күннен бастап 1 жыл бойы жалғу алушының өз меншігінде болады және 3 тұлғаларға берілмейді деп жазылған.

Алайда, «Айым плюс» ЖШС-гі Утебаев Бахтыгали Сейдуллаевичтен ассенизатор Камаз 5320 мемлекеттік нөмірі 343NPB13 автокөлігін 08.02.2019 жылғы №11 келісім шарт негізінде жалға алған, бірақта аталған техника 01.02.2019 жылдан бастап «TULPAR MTL» ЖШС-ның меншігінде.

«Айым плюс» ЖШС-ның техникаларында сақтандыру полюсін ұсынбаған, яғни жүргізушілердің автокөлікті басқару құқығы жоқ.

Техникалық ерекшелікте ассенизатор цистернасының сиымдылық массасы 8 кубтан төмен емес делінген, «Айым плюс» ЖШС-гі ассенизатор техникасының салыстырып тексеру туралы сертификаты жоқ, яғни ассенизатор цистернасының сиымдылық массасын ұсынбасада конкурстық комиссия мүшелері конкурсқа қатысуға негізсіз рұқсат берген.

Конкурстық комиссия мүшелері «Айым плюс» ЖШС-ның жұмыс тәжірибесін есептеу барысында шартты жеңілдіктер мөлшерін 3 баллға көп есептеп жіберген, себебі 2011, 2012, 2013, 2014, 2016, 2017 жылғы жұмыс тәжірибелерінде тек орындалған жұмыс актілерін ғана ұсынған, 5 қосымша болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінің ескерту бөлімінің 1 тармағында ***(Егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады. Шот-фактураның электрондық көшірмесі есебі сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптар) арқылы***

жүргізілетін қызметтерді, оның ішінде коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтерін көрсетумен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.) делінгеніне қарамастан конкурстық комиссия мүшелері 3 балл артық есептеген.

Нәтижесінде конкурстық комиссия мүшелері ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150 тармағының талаптарын сақтамаған.

Осыған байланысты және ҚР «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7-11 бабтарын басшылыққа алып

Сұраймын:

1. Шағымда көрсетілген Заң бұзушылықтар жөнінде тексеру жүргізіп, көрсетілген уәждерім өз дәлелін тапса 11.03.2019 жылғы № 2829897 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарауыңызды.
2. «Айым плюс» ЖШС-не конкурсқа қатысуға рұқсат бермеуіңізді.
3. Шағым бойынша Заңды көзделген мерзім ішінде дұрыс шешім шығарып, жауап беруіңізді.

ЖК «ШАРАПОВА НҰРСҰЛУ ШАРАПҚЫЗЫ»